**Бекітемін:**
**Меңгеруші: Шалабаева Ж. С.**
**Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 07-11-қазан 2024-2025ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 07.10 | Сейсенбі 08.10 | Сәрсенб 09.10 | Бейсенбі 10.10 | Жұма 11.10 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | **«Күй күмбірі»**<br>**Сарыарқа күйі (Біртұтас тәрбие)**<br>Балаларды көтерінкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойыны " Мозаика"<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. | Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.**Бір тұтас тәрбие** | Үстел үсті ойыны "Пазл".<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. | «Күзгі бақ», «Сиқырлы жапырақтар»<br>Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру<br>**Экологиялық мәдениет, экологиялық тәрбие** | Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер жайлы ақпарат беру,**қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол иықта; тізені жоғары көтеріп, қол белде<br>Жүгіру түрлері: бір қатармен;. Шеңберге тұру.<br>Б.қ. – н.т., таспалар төмен<br>1.Таспалар жоғары көтеру, сермелеу.2.Б.қ.3. Таспалар жоғары көтеру, сермелеу. 4.Б.қ.<br>(5-6 рет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, таспалар белде<br>1.Оң жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.2.Б.қ.3.Сол жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.4.Б.қ.<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. – н.т., таспалар иықта<br>1.Жартлай отыру, таспалар алдында.2.Б.қ.3.Жартлай отыру, таспалар алдында 4.Б.қ.<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., таспалар төмен<br>1.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.2.Б.қ.3.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.4.Б.қ.<br>Б.қ. – н.т., таспалар жанжақта<br>Оң-сол жаққа бұрылып секіру<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Үйректер ұшады» - жайлап зал ішімен жүру; демін ішке жұтып, қолдарын жанына қарай көтеру, «Г-а-а-а» деген дыбысты ұзақ созып демін сыртқа шығарып қолдарын түсіреді.(3-4 рет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық** | **<u>Біртұтас тәрбие:</u>**<br>**<u>Апта дәйексөзі</u>**:«Туған жердей жер болмас,туған елдей ел болмас!» | | | | |
| | «Күнге сәлем»<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін! | «Шаңырақ»<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін! | «Шын жүректен»<br>Ән салуға барамыз,<br>(шеңбер бойлай жүреді)<br>Досымызды табамыз.<br>(тоқтайды)<br>Сәлемет пе! Міне мен! (қолдарын екі жаққа сермейді)<br>Доспын енді сенімен!<br>(көршілерімен қол алысады) | «Қайырлы күн!»<br>Жарқырап күн де ашылады,<br>Айналаға нұр шашылады.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! | «Жүректен жүрекке»<br>Күніміз ашық болсын!<br>Түніміз тыныш болсын!<br>Ауамыз таза болсын!<br>Суымыз мөлдір болсын! |
| **Білім беру ұйымының кестесі Бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>Ең тәтті нәрсе<br>**Мақсаты:** Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту<br>**Міндеті**:Байланыстырып сөйлеу<br>Айналасындағылармен | **<u>1.Сауат ашу негіздері</u>**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Мақсаты:** Дыбыстар туралы білімдерін бекіту<br>**Міндеті:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету | **<u>1.Математика негіздері</u>**<br>8саны және цифры<br>**Мақсаты:** 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету<br>**Міндеті:**8 цифрымен таныстыру<br>**Дидкатикалық ойын** | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>Әжесін кім жақсы көреді<br>**Мақсаты:** Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>**Міндеті**:Байланыстырып сөйлеу | **<u>1.Қоршаған ортатанысу</u>**<br>Заттардың адам өміріндегі маңызы<br>Заттар неден жасалады?<br>**<u>Мақсаты:</u>** Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және койылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу<br>Педагог Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп окиды.<br>Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қою.<br>Дидактикалық ойын<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Мақсаты:** Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтады және оның жүрісін салғызу<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>Қай тай лақтай?<br>Қай лақ бармақтай?<br>**<u>2.Математика негіздері</u>**<br>7 саны және цифры<br>**Мақсаты:** 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; | **«Дауысты ма,дауыссыз ба?»ойын-жаттығуы**<br>**Мақсаты**:Сөздің бірінші дыбысын ажырата алу дағдыларын бекіту<br>**«Кім жылдам?»дид.ойын**<br>**Мақсаты:**Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді табу<br>Саусақ жаттығуы<br>Қолдарын жазуға үйрету тапсырмалары<br>**<u>2.Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>Өсімдіктердің көбеюі<br>**Мақсаты.** Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру.<br>**Міндеті**Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>**Жұмбақ**<br>Қолы жоқ, аяғы жоқ – қозғалады,аузы жоқ – тыныс алады, қоректенеді.<br>**Өсімдік**<br>Өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық.<br><u>1.Топырақты</u> таяқшамен қопсытамыз.<br><u>2.Жапырақтарының</u> шаңын жұмсақ шүберекпен | **«Дүкенде»**<br>**Мақсаты**:Дүкен сөрелеріндегі өнімдерді санату<br>**«Заттың қасиетін ажырат»ойын - жаттығуы**<br>**Мақсаты:**заттардың дәмі,иісі,материалы бойынша ажырату дағдыларын қалыптастыру<br>**8 цифрын саусақпен жүргізу**<br>**2.<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>Дыбыстар әлемі<br>**Мақсаты:**<br>Дыбыстарды ажырата алу дағдыларын бекіту<br>**Міндеті:** Үш-төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау<br>«Сиқырыл сандық»дид ойыны<br>Мақсаты:дыбыстарды ажырату<br>«Қанша дыбыс?»ойын-жаттығуы<br>Мақсаты:сөзде қанша дыбыс барын анықтату<br>Саусақ жаттығуы<br>Қолдарын жазуға үйрету тапсырмалары<br>**3.<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Шаруа мен аю**<br>**Мақсаты:** Сюжет | Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу<br>М.Төрежановтың «Әжесін қайсысы жақсы көреді?» әңгімесін оқып беру.<br>Педагог: Сұрақтар қою арқылы балалардан әңгіме мазмұнын сұрау<br>**Мақал-мәтелдерді қайталау.**<br>1.Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>2.Жаны саудың – тәні сау.<br>3.Ата – балаға сыншы.<br>4.Ата – бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>Шеше, неше кесе сынды кеше?<br>**2.<u>Математика негіздері</u>**<br>8саны және цифры<br>**Мақсаты:**1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен | қалыптастыру.<br>**Міндеті<u>:</u>** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>**«Төртіншісі артық» ойыны**<br>**Мақсаты**:артық затты табу<br>**«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.**<br>**Мақсаты**:Балаларға заттарды атап, неден жасалғанын және не үшін қолданатынын айтқызу<br>**<u>2.Сауат ашу негіздері</u>**<br>Буын<br>**Мақсаты:**<br>**Міндеті**: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау<br>**«Буында» ойын-жаттығуы**<br>**Мақсаты**:Сөздерді буындап айтуға үйрету<br>«**Неше буын»дид.ойын**<br>**Мақсаты**:бір буынды сөздерді анықтау<br>Саусақ жаттығуы<br>Қолдарын жазуға үйрету тапсырмалары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санау дағдыларын жетілдіру.<br>**Міндеті:** Көрнекілік арқылы 7 санының пайда болуымен таныстыру<br>**Дидактикалық ойын: «Атаммен жайлауда»**<br>**Мақсаты:**сюжетті сурет бойынша әңгімелеу,жануарлар мен заттардың санын анықтау<br>**Дидактикалық ойын «Көжекке көмектес»**<br>**Мақсаты**:көжекті 7 цифры және жеті нүктесі бар торкөздермен себетке жеткізу<br>**3.<u>Қазақ тілі</u>**<br>Киіз үй<br>**Мақсаты:** киіз үй жабдықтарымен таныстыру<br>**Міндеті** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің тұрмыстық заттары ағаш керуерт,кебеже,сандық,кілем,сырмақ,алаша,бау,басқұр,арқан,жіппен танысу<br>Киіз үй жиһаздарына толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын | сүртеміз.<br><u>3.Су</u> құямыз.<br><u>4.Жапырақтарына</u> су бүркеміз.<br>**Әңгіме оқып беру**<br>Маржан апасына бақшаға көкөністер көшеттерін отырғызуға көмектеспекші болды. Апасы жерге дәндер септі, бетін топырақпен жапты, Маржан оларды суқұйғышпен суарды. Ал бір өсімдікті тамырымен жерге екті. Апасы Маржанға бұл өсімдік тәтті болып өсетінін айтты. Маржан көз алдына елестетті, иісі аңқыған, өзі тәтті, қып-қызыл. Ол қандай өсімдік?<br>-Құлпынай.<br>**Ойын: «Кім гүлді тез жинайды?»**<br>**Мақсаты**: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>**3.<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа**<br>**Мақсаты:** Шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру.<br>**Міндеті**: Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің | желісінің реттілігін сақтауға баулу.<br>**Міндеті:**Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау<br>Жұмбақ жасыру<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны.<br>*(Аю)*<br>«Шаруа мен аю» ертегісін оқып беру<br>Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>Ертегі қалай аталады<br>Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>Шаруаға не келді?<br>Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>Олар қалай келісті?<br>Шаруа не екті?<br>Аюға қай жағын берді?<br>Келесі жылы шаруа не екті?<br>Аю не нәрсені білмеді? | сәйкестендіруге үйрету<br>**Міндеті:** Көрнекілік арқылы 8 санының пайда болуымен таныстыру<br>Дид.ойын «Пирамида»<br>Мақсаты:Шабадан мен пирамида санын 8-ге жеткізу<br>«Пішінін өзгерт» дид.ойын<br>Мақсаты:фигуралардың пішінін,түсін өзгерту арқылы танымдық қабілеттерін ажырату<br>«Топтастыр» ойын-жаттығуы<br>Мақсаты:заттарды топтастыру,8-ге дейін санау<br>**3.<u>Қазақ тілі</u>**<br>Киіз үй<br>**<u>Мақсаты:</u>** киіз үй жабдықтарымен таныстыру<br>**<u>Міндеті:</u>** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің тұрмыстық заттары ағаш керуерт,кебеже,сандық,кілем,сырмақ,алаша,бау,басқұр,арқан,жіппен танысу<br>**Дид.ойын: «Бөлшектерді құрастыр»**<br>**Мақсаты**:Пазл арқылы | **3.<u>Шығармашылық</u>**<br>Жидектер<br>**Мақсаты:**Жидектер туралы мәлімет беру,шығармашылық іс-әрекеттер жидектердің суретін салу,мүсіндеу,жапсыру<br>**Сурет салу**:<br>**Міндеті** Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.<br>**Мүсіндеу**:<br>**Міндеті:** Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу<br>**Жапсыру**.<br>**Міндеті** Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.<br>**Құрастыру**<br>**Міндеті** Дайын үлгілермен және қарапайым сызба |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен капталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп капталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары. Жүкаяқ – үйде жүк астына коятын ағаш зат. Сандық – киім - кешек, б. б. зат салуға арналған үй жиһаздары. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о - - өрнек салып не | көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау Екі басы,жұдырықтай Ортасы қылдырықтай. Ол не? *(Құмырсқа)* Өтебай Тұрманжановтың «Еріншек егінші мен еңбеккор құмырсқа» әңгімесімен танысамыз. ***Сұрақ-жауап:*** -Әңгіме қалай аталады?Авторы кім? -Жалқау егінші егінді қайда егіпті?Содан кейін не істеп жүріпті? -Еңбеккор құмырсқалар жерге түскен дәндерді қайда әкетті? -Жалқау егінші оларға не айтты? ***Дидактикалық ойын:«Суреттер сөйлейді»*** Мақсаты: Тақтадағы дақылдардың суреттері іліп,балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастау Қай суреттің жоқ екенін тапқызу **4.Музыка** «Мен алманы жақсы көрем»әні және сөзі Д.Қиқымов | 2-3 балаға ертегінің мазмұнын айтуды ұсыну. **4.Дене шынықтыру** Жүгіру: **Мақсаты:** Жүгіру түрлерін үйрету **Міндеті:** Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;белгіленген жерге дейін жылдамдыққа(ұзындығы 20метр)жүгіру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы.Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. | киіз үйді құрастырту **«Орамал тастамақ»ұлттық ойыны** **Мақсаты**:Киіз үй бөліктері мен жиһаздары туралы білімдерін бекіту **4.Музыка** «Мен алманы жақсы көрем»әні және сөзі Д.Қиқымов **Мақсаты:** ән айту дағдыларын дамыту **Міндеті:** Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту **Музыка тыңдау:** «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «Мен алманы жақсы көрем»әні және сөзі Д.Қиқымов Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) | бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Жидектер туралы мәлімет беру,балалардың қалауы бойынша жұмыс жасау **4.Дене шынықтыру.** Жүгіру: **Мақсаты:** Жүгіру түрлерін үйрету **Міндеті:**Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;белгіленген жерге дейін жылдамдыққа(ұзындығы 20метр)жүгіру **«Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет**). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кестелеп әшекейлейді.<br>**Жұмбақ**<br>Қабырғасы тор көз,<br>Төбесінде зор көз.<br>(Кереге, Шаңырақ)<br>Тұмсығын тесіп.<br>Жүннен бұйда есіп<br>Қазыққа байлады. (Уық )<br>Төбедегі көзінен.<br>Күн сәулесі түседі.<br>Бұрышы жоқ төрінен.<br>Самал еркін еседі. (Киіз үй )<br>Жетпіс екі найзасы.<br>Біріктіріп тұрады.<br>(Шаңырақ)<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Жаттығулар<br>**Мақсаты:** Түзу бағытта адымдап жүру.Жұбымен шеңбер бойымен жүруге үйрету<br>**Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеу мен үйлестіру.Түзу бағытта адымдап жүру.Жұбымен шеңбер бойымен жүру<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар»** (4 рет) . | **Мақсаты:**Әнді әуенімен дұрыс айтуға үйрету<br>**Міндеті:** Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев),<br>«Полька» (М. Красев),<br>«Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>Ән айту:<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«Мен алманы жақсы көрем»әні және сөзі Д.Қиқымов<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) | | Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) | орындаған ойыншылар ұпай жинайды<br>«Мұқият бол» ойын жаттығуы.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыру: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым- ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | **Ұшып кететін құстарды бақылау (экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты***: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;*<br>Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті | **Желді бақылау (экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты***: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;*<br>өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ:**<br>Аяғы жоқ ұшады,<br>Аузы жоқ ән салады.<br>Кездескен жеңіл нәрсені<br>Аспанға ұшырады<br>(жел)<br>Сұрақтар:<br>♦Жел қайдан пайда | **Үйеңкі ағашын бақылау (экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты***: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту*<br>*(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)*<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман.<br>Тапталады табанға,<br>Судыр-судыр жапырақ.<br>Судыр-судыр жапырақ | **Жүк көліктерін бақылау (экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты***: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.*<br>**Бақылау барысы**<br>Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар.<br>Машиналар түрлеріне | **Терек ағашын бақылау (экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты***: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту***<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>**Көк орманда тау таза, бой таза,**<br>**Мұнда таңның қоңыр салқын лебі бар**<br>**Көк орманда адам таза, ой таза**<br>**Көк орманда әнші құстар елі бар.**<br>**Орман өзін күнде таза ұстайды,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, коректендіреді)<br>*Құстар жемі күзде кайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>*Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)<br>*Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ | болады? *(жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)*<br>♦Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?*(күшті және әлсіз)*<br>♦Күшті желдер қалай аталады? *(дауыл, құйын.)*<br>♦Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.)<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? *(компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)* | Сары жапырақ жауады.<br>Сары құйын ұйтқыған,<br>Өрттей сары бояуға,<br>Малынғандай атырап.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Үйеңкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?<br>Үйеңкі ағашы қай жерлерде жиі өседі?*(өзен жағалауында.)*<br>♦ үйеңкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер?*( қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал).*<br>♦ Үйеңкі ағашы адамдарға не береді? *(бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды)*<br>***Зерттеу жұмысы***<br>*Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.*<br>*Айырмашылығы қандай?*<br>**Еңбек:** Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.<br>*Мақсаты:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды* | қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді.<br>Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? *(әртүрлі жүктерді тасу үшін.)*<br>Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? *(жүк таситын көліктерге).*<br>Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? *(жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар,кемелер.)*<br>♦ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? *(жасыл.)* | **Іздесеңдер қандай ағаш керегін-**<br>**Көк орманда шаң бұрқырап**<br>**Бәрі, бәрі осы орманнан табылар.**<br>**Д/О: «Мен көрсеткен жапырағы бойынша ағашын тап»**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>**- Бұл қай ағаш деп ойлайсыңдар?**<br>**Терек ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?**<br>**Терек ағашы қай жерлерде жиі өседі?*(барлық жерде: саябақтарда, көшелерде, аулаларда.)***<br>**♦ Терек ағашының қандай ерекшелігі бар?*(олардың салпыншақ гүлдері бар, көктемде олардың қауыздарынан ақ үлпа ұшады, жерді қар басқандай болады, балаларға оны өртеп ойнауға болмайды-өте қауіпті ).***<br>**♦ Терек ағашы адамдарға не береді? *(эфир майы, қышқылдар бар. Медицинада, халық емшілігінде қолданады)***<br>***Зерттеу жұмысы Терек ағашының*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>*Ең соңынан кандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, каздар-су тоғандары катқанша ұшпайды, су астында корек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>*Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу*<br>**Қ/О:** «Акку-каздар».<br>*Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Жүрудің әртүрлі тәсілдерін колданып (тырна, құтан, балапан сиякты жүру) жүруге жаттыктыру<br>*Мақсаты:қозғалыс белсенділіктерін дамыту* | **Еңбек** Аланды тазалау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қ/О:** «Жел».<br>*Мақсаты:-* табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұкият тыңдауға үйрету<br>**Жаттығу ойындары:** Доппен жаттығу<br>*Мақсаты: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру* | *жалғастыру*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар».<br>*Мақсаты: әртүрлі кедергілерден өтіп жүкіруге ептіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Секіргіш жіппен секіру.<br>*Мақсаты:екі аяқпен бірдей секіруге жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел: Бір тал кесссең, он тал ек.*** | Машинаны жүргізетін мамандыктағы адамды кім деп атайды? *(жүргізуші, шофер)*<br>Бағдаршамның неше түсі бар? *(Үш: қызыл, сары, жасыл.)*<br>Адамдар бағдаршам жоқ жерден калай өтеді?<br>**Еңбек**<br>Түскен жапырақтарды жинау.<br>***Мақсаты:***<br>-- Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу; ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Токта--жүгір».<br>***Мақсаты:***<br>*белгі бойынша әрекет етуге үйрету; —ептіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Бөрене үстімен жүру.<br>*Мақсаты:тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.*<br>***Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»*** | ***жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.***<br>***Айырмашылығы қандай?***<br>***Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек,***<br>***Терек егу керек»***<br>**Еңбек: Құмсалғыштағы құмға су себу.**<br>***Мақсаты: кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу.***<br>**Қ/О: «Допты капитанға бер».**<br>***Мақсаты:***<br>**— доппен ойын кезінде әртүрлі козғалыстарды колдану, серіктесінің іс-әрекетімен санаса білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.**<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Екі-екіден колоннаға тұру.**<br>***Мақсаты:мүсіндерінің дұрыс жетілуін қалыптастыру.*** |
| **Серуеннен** | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **оралу** | | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | • **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** **Орамал** Ойынның ережесі: Қатысушылардың біріне түйін болып байланған орамалды жүргізушіге беретін адамды таңдайды. Ойыншылар шеңбер жасап тұрады, ал жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Қатысушылар жүргізушіні айнала бастайды. Ал жүргізуші " Тоқта!" дегенде, ойыншылар шашырап кетеді. Осылайша жүргізуші орамалы бар қатысушыны ұстауға тырысады. Ал орамалы бар ойыншы оны басқа қатысушыға бере алады. Орамалмен ұсталған қатысушы ән немесе айту айтуы керек. | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** **Балапандар** Ойынға қатысушыларды - "Балапандарды" 3 топқа бөледі. Әрқайсысында "тауық" пен "батпырауық" таңдалады, ал қалған қатысушылар "балапандар" болып есептеледі. Ойын төмендегідей ойнайды: "Тауықтар" бағаналарға тізіліп, бір-бірінің белінен ұстайды. Олардың алдында "тауық" тұрады. "Тауықтар" балапандарды ертіп жүре бастайды және өздерінің ешкімнен қорықпайтынын айтады. "Батпырауық" бақылап, кездейсоқ тізбектен шыққан адамды қолымен ұстауға тырысады. Ал сынған тізбекті қайта құру керек болады. Бұл кезде "тауық" "балапандарды" қорғайды, "батпырауықты" қолымен ұстайды. | Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу. **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** | Ертегілерді үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар **(Шығармашылық іс-әрекет),** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Егер "тауық" оны алақанымен ұрып үлгерсе," батпырауық " ойыннан шығарылған болып саналады. Сөйтіп ойын соңында "Тауық" "балапандардың" ең көп санын сақтай алған топ жеңімпаз атанады. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ......... ою-өрнектерінің түрлерін таныстыру | ............ құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, камқорлық жасауға баулу | .............салыстыру тәсілдерін қолдануғаүйрету | .................... әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету | .............................. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>**Ата –аналарға кеңес**<br>Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну<br>**«Энергияны үнемді тұтыну»** – энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен паракшалар әзірлеу.<br>**(Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру)** | | | | |